

"Мемлекеттік коммуналдық мүлікті мемлекеттік заңды тұлғаларға беру (бекіту), өтеусіз пайдалану, сенімді басқару, жалға беру мәселелерін реттейтін құқықтық актілер туралы" 2004 жылғы 26 сәуірдегі N 445 қаулыға толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігінің 2007 жылғы 16 қарашадағы N 316 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 3 желтоқсанда N 2460 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО әкімдігінің 2009 жылғы 29 қазандағы № 237 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ШҚО әкімдігінің 2009.10.29 № 237 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 200-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19, 25-баптарына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік коммуналдық мүлікті мемлекеттік заңды тұлғаларға беру (бекіту), өтеусіз пайдалану, сенімді басқару, жалға беру мәселелерін реттейтін құқықтық актілер туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2004 жылғы 26 сәуірдегі N 445 қаулысына (тіркеу нөмірі 1802, 2004 жылғы 3 маусымда "Дидар" газетінің N 54 (15418) санында, 2004 жылғы 5 маусымда "Рудный Алтай" газетінің N 84-85 (18720) санында жарияланды) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулының 1-қосымшасы мынадай мазмұндағы 4-1 тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын өзінің шаруашылық жүргізуіндегі мүлікті үш жылға дейінгі мерзімге мүліктік жалға беру туралы шешімді дербес қабылдады.

Жалдау ақысының есептеу ставкаларын жалға беруші кәсіпорынды мемлекеттік басқару органымен келісу бойынша анықтайды және бекітеді."

2. Осы қаулы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі